

- 1. Қазақстандағы кәсіпкерліктің түрлері
- 2. Кәсіпкерліктің ұйымдастыру – құқықтық формалары



**1. Қаржылық кәсіпкерлік қызмет.** Бұл жағдайдағы сауда объектісі - ақша, валюта, бағалы қағаздар болып табылады. Қызметтің бұл түрін қор және валюталық биржалар, инвестициялық банктер атқарады.

Қаржылық кәсіпкерліктің келесі формалары бар:

- бағалы қағазға айналу үшін өндіру (эмиссия);
- акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алу.

**2. Өндірістік кәсіпкерлік қызмет.** Кәсіпкер тауарларды, өнімдерді өндіреді, қызметтерді, ақпараттарды тұтынады, ішкі құндылықтарды қалыптастырады, сосын оларды тұтынушыға өткізеді. Өндірістің түрлері өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық (фермерлік), құрылыс және т.б. болуы мүмкін.

**3. Коммерциялық кәсіпкерлік қызмет.** Бұл қызметтің мәні сауда-айырбас және тауар-ақшалай операциялармен, тауарлар мен қызметтерді сатып алу-сатумен, байланысты.

**1. Инновациялық кәсіпкерлік қызмет.** Бұл техника-экономикалық сипаттағы жаңалықтарды ойлап шығару және коммерциялық пайдалану. Бұл ғылыми зерттеулерді, инновацияны және жаңалықтарды, экспериментті өндірісті қаржыландыратын венчурлы (тәуекелді) кәсіпкерлік.

**Инновацияның үш түрін атап өтуге болады:**

1. өнім инновациясы, яғни фирманың қалыптасу механизмін жаңарту (мүмкіндіктердің, пайданың өсуі);
2. технология инновациясы немесе шикізат және ақша қорларының шығындарын төмендететін, аз уақыт және күш жұмсай отырып өнім өндірісін жоғарлататын өндірістің жаңа әдістерін енгізу;
3. әлеуметтік инновация, кәсіпорын қызметкерлерін мотивация беру.

Инновациялық кәсіпкерліктің процесін жүргізу стадиялары:

1. инновациялық идеяларды іздеу және оның потенциалды табыстылығын бағалау;
2. бизнес-жоспарды құру;
3. алғашқы капитал беретін инвесторларды тарту;
4. компанияны сауатты басқару.

**2. Фермерлік қызмет.** Фермерлік (шаруа қожалығы) – қазіргі уақытта Қазақстанда кеңінен тараған шағын бизнестің формасы.

Фермерлік шаруашылық (шаруа қожалығы) – деп өзінің ауыл шаруашылық жерлерін өз қызметіне пайдаланатын және ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін, сонымен қатар оны өңдеп, өткізетін отбасылық -еңбектік бірлестік.

## Шаруа қожалығының (фермерлік) формалары:

- жалпы бірлескен меншік негізінде құрылған отбасылық кәсіпкерлік;
- жеке кәсіпкерлік формасында құрылған шаруа қожалығы;
- бірлесіп қызмет атқару туралы құрылған келісім шарттың жалпы меншік үлесінің негізіндегі шаруа қожалығы.

**Сұрақ 2. Кәсіпкерлікті дамыту барысында оның белгілі бір түрлері мен ұйымдастыру – құқықтық формалары.**  
Қазіргі таңда оларды сипаттау үш негіз бойынша жүргізілуде.

1. кәсіпкерліктің ауқымы бойынша;
2. кәсіпкерлік қызметтің сипаты бойынша;
3. даму дәрежесі бойынша.

Ауқымы бойынша кәсіпкерліктің келесі түрлері ажыратылады:

- Жеке дара кәсіпкерлік.
- Өртүрлі серіктестіктер түріндегі кәсіпкерлік.
- Жауапкершілігі шектелген серіктестіктер.
- Жауапкершілігі шектелмеген серіктестіктер.
- Аралас серіктестіктер.
- Кооператив түріндегі серіктестіктер.



